

УДК 327

О. Ғ. Уалиханов,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институтының магистранты

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИСЛАМ ӘЛЕМІМЕН ЖӘНЕ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ ЕЛДЕРІМЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл басылымда Қазақстан Республикасының Ислам әлемімен, атап айтқанда Парсы шығанағы елдерімен ынтымақтастығына талдау ұсынылған. Саяси, сауда-экономикалық салалар бойынша, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шеңберіндегі қарым-қатынастар мәселелері қарастырылған. Проблемалық аспектілер мен оларды шешу жолдарына, сонымен қатар ынтымақтастықтың болашақ бағыттарына талдау ұсынылған.

Тірек сөздер: Парсы шығанағы мемлекеттері, ислам факторы, араб елдерімен халықаралық ынтымақтастық.

Аннотация

В данной публикации представлен анализ сотрудничества Республики Казахстан с исламским миром, в том числе со странами Персидского залива. Рассматриваются вопросы отношений в политической, торгово-экономической сферах, а также в рамках международных организаций. Представлен анализ проблемных аспектов, путей их решения, а также перспективные направления сотрудничества.

Ключевые слова: страны Персидского залива, исламский фактор, международное сотрудничество с арабскими странами.

Abstract

This publication provides analysis of the cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Islam world, specifically Persian Gulf countries. Relations in political, trade-economic spheres and within international organizations are reviewed. Analysis of existing problems, ways to solve them and future directions of cooperation are provided.

Key words: Persian Gulf countries, Islamic factor, international cooperation with Arabic states.

Қазіргі кезде Ислам әлемі жедел түрде бірігуде және оның күші артуда. Ислам мемлекеттерінің кеңістігінде әлемдегі БҰҰ-дан кейінгі ең ірі халықаралық ұйым – Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ) орналасқан. Бұл исламдық ниеттестіктің қатайғанының көрсеткіштерінің бірі. Сондай-ақ, ислам әлемі бір жарым миллиард адамнан асады және ислам болашақта әлемдегі бірінші дінге айналуы ықтимал. Сондықтан ислам әлемдегі жаңа полюс ретінде қалыптаса бастағаны анық.

Қазақстан Ислам әлемімен бірнеше ғасырлар бойы өзара әрекеттесуде. Ислам Қазақстанға шамамен 1000 жыл бұрын келген. Орта ғасырларда жүздеген жастар Каир, Дамаск және Бағдад сияқты ірі қалалардың университеттерінде оқып, Әл-Фараби және М.Х. Дулати сияқты атақты адамдарға айналды. Көбі, сұлтан Бейбарыс сияқты, ғасырлар бойы өңірдің билік жүйесінің шыңында болды. Араб саяхатшылары, географтары тек географиялық карталарды ғана құрастырған емес, сондай-ақ сауда бағыттарын салған, Жібек жолы бойынша керуендерімен өткен [1]. Қазір бұрынғы байланыстарды қайта жандандыруға уақыт жетті.

Президент Н. Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы қыркүйектегі Сауд Аравиясы корольдігіне сапары барысында Қазақстан мұсылман әлемінің солтүстік-шығыс қанаты екенін ескертті, сондай-ақ: «Конфессионалдық тұрғыда өзін басқа әлемге қарсылас тарап болуға жол бермей, біз сонымен бірге ислам әлемінің шекаралық кеңейтілуінің аса маңыздылығын ескеруіміз керек. Бұл фактордың позитивті маңызы Орта Азия мемлекеттерінің мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасуы мен бекуі барысында арта түсетін болады. Алайда бұл үдеріс ауыртпалықсыз өтуі үшін әлемдегі тұрақтылықты бұзбай мұсылман халықтарының және барша адамзаттың нағыз мүдделеріне қызмет етуі үшін үлкен және, мүмкін, ұзақ мерзімді ортақ жұмысты жүргізу керек», – деп нақты түсіндірме берді [2]. Соңғы уақытта Ислам әлемінің халықаралық қатынастар жүйесінде орнығуы үдерісіне байланысты бұл мақсаттардың маңыздылығы арта түсті.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-батыс шекараларына шектесетін орасан зор алқапты алып отырған Ислам әлемімен белсенді түрде өзара әрекеттесе келе, және өзінің 70 пайыздық

мұсылман халқы бола отырып, Қазақстан, әрине, өзінің сыртқы саясатында аталмыш «мұсылмандық аспектіні» және ИЫҰ-да республиканың мүшелігін ұтымды пайдаланудың маңыздылығын ескеруі қажет. Мұсылмандық қауымдастық, мұсылман мемлекеттері және аталған мұсылмандық фактор бүгінгі кезде республиканың сыртқысаяси басымдықтары арасында лайықты орнын алу керек. Бұл көзқарас келесі дәлелдерге негізделген [3]:

Саяси тұрғыда Қазақстан мен мұсылман мемлекеттері арасындағы қатынастарының әрі қарай жандануы біздің стратегиялық мүдделерімізге сай келіп, Қазақстан тәуелсіздігін, егемендігін және территориялық тұтастығын қатайтудың қосымша факторы болып табылады. Мұндай саясат Қазақстан сыртқы саясатының тұрақтылығын сақтауға және қазақстандық дипломатияның азиялық, таяушығыстық, мұсылмандық, сондай-ақ мұнай және тағы басқа векторлары сияқты бірқатар стратегиялық бағыттарын күшейтуге ықпал етеді.

Ислам әлемі Қазақстанды мұсылмандық қауымдастықтың бөлінбес бөлігі ретінде қарастырып отыр. Бұрынғы ИЫҰ-ның Бас хатшысы А. Лараки Қазақстанның ислам қауымдастығының беделді ұйымы ИЫҰ-ға толық құқықты мүшесі ретінде кіруіне разылығын білдіре отырып, Қазақстан өзінің табиғи, экономикалық, мәдени және интеллектуалдық әлеуетімен, тұрақты және бітімді ішкі және сыртқы саясатымен мұсылман халықтарының ортақ қазына қоймасына баға жетпес үлес болтындығын белгілеген. ИЫҰ ғылыми-техникалық департаментінің басшысы Дабур Небил Мухаммаданың пікірі бойынша Қазақстан ет және сүт, бидай өндірісі, сондай-ақ тікелей инвестициялар бойынша алдыңғы он ИЫҰ мемлекеттерінің арасынан табыла алды.

Сондай-ақ, мұсылман басшылары біздің мемлекетте болып жатқан оқиғаларға зор қызығушылық білдіріп, жан-жақты ынтымақтастықты орнатуға, экономиканы көтеруге, атап айтқанда қаржылық көмек көрсетуге әзір екенін растап отырады. Осыған орай, Қазақстанның Түркия, Сауд Аравиясы, Иран, Пәкістан, Малайзия, Индонезия, Мысыр, Парсы шығанағы елдері сияқты жетекші мұсылман мемлекеттерімен қарым-қатынастарын стратегиялық әріптестік деңгейіне жеткізу және оларды біздің нақты әлеуетімізге сәйкестендіруге одан арғы күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Бұл қадамдарды барлық саяси, экономикалық тәсілдерді, сондай-ақ, құндылықтардың ортақтығын, тарихи-мәдени тәжірибенің ұқсастығын, сонымен қатар ИЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық жүйесінде аса жоғары орын алатын тілектестік қағидасын қамтитын маңыздылығы жоғары рухани және гуманитарлық қорларды пайдалана отырып іске асыруға міндеттіміз.

Экономикалық аспект. ХХІ ғасырдың халықаралық экономикалық қатынастарында екі негізгі бағыт – жаһандану және аймақшылдық – басым түсіп келе жатқаны қазір әбден айқын, олар өз тарапынан ұлттық экономиканың бір жағынан әлемдік экономикамен өзара әрекеттесуге және басқа жағынан өңірлік қауымдасуға тәуелді болатынын білдіреді.

Осы күнгі Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануы кезінде республикаға таяу жатқан Таяу және Орта Шығыстың мұсылман мемлекеттерінің маңызы арта түсуде, олар Қазақстанмен бірге ортақ экономикалық кеңістікті, ортақ тауарлар мен қызметтер нарығын, сондай-ақ ортақ транспорттық коммуникация қалыптастыруға қарастырылады. Ең бірінші, бұл мемлекеттердің республикаға әлемдік коммуникацияларға жол ашуды қамтамасыз ету тұрғысынан стратегиялық маңызы бар. Бүгінгі күннің сындары және әлемдік еңбектің бөлісуі жаһандық үдерісінің даму перспективалары Қазақстанға көрші, сондай-ақ экономикалық даму және өндірістік қатынастарының деңгейі ұқсас осы мемлекеттермен шаруашылық байланыстарды үлестіруді тоқтаусыз қажет ететін болады. Осыған орай, мұсылмандық әлеммен, ИЫҰ және оның институттарымен жан-жақты байланыстарды дамыту қосымша сауда-экономикалық кеңістікті игеру міндеттері және Қазақстандағы реформаларды қаржы-экономикалық қамтамасыз ету мақсаттарымен тоғысып отыр.

Қазақстанның мұсылман мемлекеттермен белсенді өзара әрекеттесуі жаңа нарықтарға жол ашады. Бұл инвестицияларға қосымша мүмкіндіктер туғызып, Қазақстанның халықаралық экономика және саясатта рөлін ұлғайтады. Мұсылмандық мемлекеттердің көпшілігі көздеген жандану импорттық қажеттілікті арттырады. Жалпы, әлемдік экономиканың қазіргі құрылымы, жаһандану және аймақтандыру, қаржы нарықтарына, табиғи ресурстарға талас Қазақстанның ислам мемлекеттерімен қарым-қатынасын кеңейту қажеттілігін шарттайды [3].

Қазіргі кезде Қазақстан әлемдік қаржы жүйесіне, соның ішінде исламдық қаржыландыру қағидаларына белсенді түрде бейімделе бастады. Бірінші ретте, бұл заңнамалық базаны тиым салынған өнімдер бойынша шариаттың барлық қағидаттарына сәйкестендіру жұмысын қажет етеді. Қазақстанда заңнамалық және реттеуші базаны ретке келтіргеннен бастап исламдық

банктер мемлекетте толыққанды қызмет атқара алады. Таяу Шығыста мұнай долларларының үлкен көлемі сақталуда, оларды инвестицияға жұмсау жолдары әрқашан сұраныста болады. Сондай-ақ исламдық қаржыландыру дағдарыс кезінде шын мәнінде этикалық және нақты табыс әкелетін құрал ретінде танылды. Исламдық қаржыландыру қағидаларында менеджмент тәсілдерінің айқындығы қамтылған. Яғни бұл дәстүрлі қаржы құралдардан өзгеше, алыпсатарлық операцияларды азырақ қолданатын бизнестің этикалық түрі болып табылады [4].

Ортақ рухани құндылықтар. Қазақстанның мұсылман әлемімен қатынастары мемлекеттің сыртқысаяси бағытын іске асыру үдерісіндегі негізгі бөліктерінің бірі болып табылады. Бұл факті ең алдымен ұқсас және өзара байланысты рухани және діни мақсаттарға негізделген мәдени жақындық пен ортақтықпен түсіндіріледі. Ислам әлемімен ынтымақтастық халқының санын ең алдымен мұсылмандар құрайтын мемлекет болып отырған Қазақстанға әлемдік аренада өзінің орынын нақтырақ табуға мүмкіндік береді.

Ислам мемлекеттерімен ауқымды байланыстарды орнату саяси және экономикалық дивиденттерді әкелуді ғана қамтымай, сондай-ақ рухани салада қарым-қатынастарды дамытуға және бекітуге шексіз мүмкіндіктерді табыстайды. Бұл аспект ислам дінін ұстанушы өркениет халықтарын аса маңызды шамада жақындастыруға және байытуға ықпал етеді.

Қазақстан ұзақ жылдар бойы исламның басқа орталықтарымен байланыстан толықтай үзілген қалыпта болды, бұл мұсылмандық мемлекеттермен тиісті рухани орта құру жұмысында байланыстардың маңыздылығын арттырады. Мұсылмандық мемлекеттер өз тарапынан Қазақстандағы діни негіздердің қалыптасуы және дамуы үшін қомақты мәдени және рухани жәрдем беруде.

Қазақстан Республикасындағы мұсылман әлемінің белсенділігі мына бағыттар арқылы танылып отыр:

- дипломатиялық қатынастар (араб мемлекеттерінің, Ислам Республикасы Иранның, Түрік Республикасының, Пәкістанның елшіліктері);

- көпжақты дипломатия (ИЫҰ, ИДБ, АӨЫСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі);

- мәдени қарым-қатынастар (Сауд Аравиясының және Мысырдың мәдени орталықтары);

- білім беру саласы (араб және түрік колледждері, институттар, Нұр-Мүбәрәк) және т.б. [5].

Қазақстанның Парсы шығанағы мемлекеттерімен қарым-қатынастары.

Қазақстанның мұсылмандық сыртқы саясатында Ислам әлемі, оның ішінде араб мемлекеттері ерекше орын алады. Бұл бірінші кезекте Парсы шығанағының Сауд Аравия бастап келе жатқан мемлекеттері, олар үлкен саяси, экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерімен танымал және ИЫҰ-да көшбасшы орындарды алып отыр.

Парсы шығанағы (Араб шығанағы) – Иран және Аравиялық түбек арасындағы шығанақ, ол Ормұз бұғазы, Оман шығанағы, Аравиялық теңіз және Үнді мұхитымен қосылған.

Парсы шығанағының мемлекеттеріне Бахрейн, Біріккен Араб Әмірліктері, Катар, Кувейт, Оман және Сауд Аравиясы жатады. Бүкіләлемдік Банктің 2012 ж. мәліметі бойынша Парсы шығанағы мемлекеттері халқының жалпы саны 44,831,228 адамға жеткен, ал олардың ортақ жалпы ішкі өнімі шамамен 1,3 трлн АҚШ долларын құраған. [6] Парсы шығанағы өңірі бай мұнай қорларына байланысты геосаяси тұрғыда аса маңызды болып саналады.

Аталған мемлекеттерді зерделеу үшін олардың *ішкі және сыртқы саясатын анықтаушы факторларды* ескеру қажет.

Ислам Израильден басқа Таяушығыстық мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаты негізделетін маңызды фактор болып табылады. Діни фактор ықпалының сондай-ақ қарама-қайшы мәні де бар. Оның жағымдылығы біріктіргіш рөлінен құралады. Түрлі халықаралық саяси және қаржылық құрылымдарды (ИЫҰ және Ислам даму банкі (ИДБ)) құрудың негізінде діни қағида болған. Алайда, ислам факторының теріс ықпалынан шииттік Иран мен сунниттік араб әлемі арасында жиі орасан келіспеушіліктер де туындап отыр.

Араб өңірінің дамып келе жатқан мемлекеттерінің құрылымы ерекшелігін анықтаушы ең маңызды факторларға мұнай да жатады. «Қара алтынның» бай қорлары осы мемлекеттердің экономикасының басым бөлігі шикізатқа негізделуін ғана емес, сондай-ақ олардың сыртқысаяси бағдарын да белгілеп келеді. Дәл осы мұнай факторы, бір жағынан, өңірдегі мемлекеттердің жоғары табыстарды алуына негіз болып, басқа жағынан, әлемдік ірі мемлекеттердің Таяу Шығыстағы тоқтаусыз бәсекелестігіне, көптеген дағдарыстар мен жанжалдардың пайда болуына себепкер болып отыр.

Қазақстан мен Парсы шығанағы мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық Қазақстанның 1992 жылы Бахрейн корольдігі, Оман сұлтандығы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), 1993 жылы Катар және Кувейт мемлекеттері, 1994 жылы Сауд Аравия корольдігімен дипломатиялық қатынастарды орнатуымен басталған.

Қазақстан Республикасының өңірдегі сыртқы саясатының екі негізгі кезеңі белгіленеді: 1) 1992 ж. бастап саяси-дипломатиялық қатынастарды орнату, 2) 1995 ж. Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымы мүше мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің Конакриде (Гвинея) өткен сессиясында осы ұйымға кіргенінен бастап саяси, сауда-экономикалық және басқа салалар бойынша байланыстардың жандануы және кеңейтілуі.

Қазіргі уақытта Қазақстанның араб мемлекеттерімен қарым-қатынастарын дамытудың басым бағыттарына: саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастық, гуманитарлық байланыстар, техникалық жәрдемдесу, инвестициялық саясат, діни қайраткерлер мен ұйымдардың байланыстары, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық салалары жатады. [7, 116, 117 б.]

Мұсылман мемлекеттері арасында Батыспен ең тығыз әскери-саяси және сауда-экономикалық байланыстарды орнатқан Сауд Аравиясы халықаралық және өңірлік деңгейлерде тұрақты, болжамды саясат жүргізіп, өңірдегі экстремистік үдерістердің дамуына және жаһандық қақтығыстың жақтаушыларына белсенді түрде қарсы тұрып отыратын мемлекет болып саналады. Корольдік, экономикалық тұрғыда әлемдегі тұтынылатын мұнайдың үштен бір бөлігін өндіре отырып, әлемшаруашылық байланыстар жүйесінің тұрақтылығын сақтаушы маңызы зор элементі болуда. Территориясында Исламның негізгі киелі ескерткіштері орналасқан және жыл сайын ондаған миллион қажыға барушыларды қабылдаушы мемлекет ретінде Сауд Аравиясы жер шары тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайтын мұсылмандардың рухани өмірінде де орталық орынды алуды жалғастыруда.

Шығанақтың араб мемлекеттері – БАӘ, Кувейт, Оман, Катардың да өзіндік маңыздылықтары бар – ол жөнінде Қазақстан Президентінің жемісті іссапарларының жиілігі айқындайды. Парсы шығанағының бірқатар мемлекеті кезінде Қазақстанға республика жаңа астанасының мемлекеттік объектілерін салу үшін 80 млн. дол. мөлшерінде тегін қаржылық көмек көрсетуге шешім қабылдаған. Сауд даму қоры, Кувейт араб экономикалық даму қоры, Абу Даби даму қоры сияқты араб институттары республикаға 100 млн. дол. астам жеңілдікті несие түрінде де қаржылық қолдау көрсетті.

Парсы шығанағы мемлекеттері Орталық Азия мемлекеттеріне айтарлықтай жақын орналасқан. Және мәселелер де ортақ: қауіпсіздік, халықаралық терроризммен және наркотрафикпен күрес. Абу-Даби Астанамен тұрақты қатынастарды қолдайды. Біріккен Араб Әміраттары Орталық Азия территориясында АӨІСШК мен ШЫҰ-ын құру бойынша бастамаларды қолдады. Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайға өзінің назарын тоқтатпай, Абу-Даби Қазақстанға қомақты инвестициялар құюды мақсат етеді.

Қазіргі кезде Біріккен Араб Әмірліктері Қазақстанның Парсы шығанағындағы сауда бойынша негізгі әріптесі болып табылады. БАӘ-мен бөлінген қомақты қаржыландыру Астананы салуға бағытталды. Қазақстанның жаңа астанасы Астананы дамыту бойынша жобаларға Араб әлемінің бірқатар мемлекеттерінің атынан мақсатты қайтарымыз қаржылай көмек көрсетілді: Оман мемлекеті (\$10 млн.), Сауд Аравия Корольдігі (\$15 млн.), Кувейт мемлекеті (\$10 млн.). Бұл бағытта ең белсенді болып техникалық көмекті бірге қаржыландыруға және жәрдемдесуге қызығушылық білдірген Ислам даму банкі, Кувейттің Араб экономикалық даму қоры мен Саудтық даму қорының өкілдері танылды.

Араб мемлекеттерімен қатынастар Қазақстанға ағымдағы ғана емес (араб мемлекеттерінің мұнай өндіру саласындағы тәжірибесі, өнеркәсіп, инфрақұрылым, қызмет көрсету және басқа салаларда), сондай-ақ болашақ кезеңде де аса маңызды: ірі араб инвестициялық жобаларын іске асыру және әр-түрлі саладағы араб даму тәжірибесін Қазақстанға енгізу. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қарым-қатынастары араб мемлекеттерімен ғана емес, сондай-ақ басқа мұсылман әлемінің мемлекеттерімен де көбінесе экономикалық тұрғыда жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн.

Парсы шығанағы мемлекеттері әлемдік дағдарыс кезінде де Қазақстан үшін бағалы серіктес болды. Мысалы, 2008 жылы Президент Н.Назарбаевтің Оманға іссапары кезінде сұлтан Кабус бен Саидпен келіссөздер өткізілді, онда екіжақты қатынастардың дамуы, қазақстандық жүктердің Иран арқылы тасымалдау жолын дамыту және мұнай-газ саласында ортақ жобалар жөнінде талқыланды.

2007 жылы басталған АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыс және қазақстандық банкілердің Еуропада қаржыландыруы бойынша проблемалар мемлекетті жаңа инвестициялар іздеуге мәжбүр етті. Өзінің тарапынан арабтық инвесторлар, батыстық нарықтардан оптимистік белгілерді байқай алмағандықтан басқа нарықтарға, соның ішінде Қазақстанға да назар аударды.

Бұл дағдарыстың өршіген кезінде араб елдері басшыларының – 2008 жылғы наурыздағы Сауд Аравиясы королі отбасының мүшесі, ханзада Әл-Уәлид бен Талал Әл Сауд пен Біріккен Араб Әмірліктері президенті, шейх Халифа бен Заидәл Нахаянның – Қазақстанға екі іссапары қазақстан-араб экономикалық ынтымақтастығының жандануы үшін негізгі оқиғалар болды. Екеуі де Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп Қазақстандағы инвестициялық жобаларды талқылады.

Kingdom Holding компаниялар тобының директорлар кеңесінің төрағасы, ханзада Әл-Уәлид бен Талал Әл Саудтың айтуы бойынша, Сауд Аравиясы Қазақстанға өзінің капиталдық салымдарын өсіруге ғана емес, сондай-ақ оларды басқа араб әлемі мемлекеттерінен тартуға септігін тигізетін болады. Ханзада біздің елдегі аса пайдалы қонақүйлік кәсіпке қызығушылығын білдірді. Ол республикаға, және де Алматы мен Астанаға ғана емес, Қазақстанның басқа өңірлеріне де, Four seasons және Citibank сияқты компанияларды тартатындығын жариялады. Сонымен бірге ол біріккен холдингтік компания құру бойынша жоспарларымен бөлісті.

Араб елдерінің Қазақстан тарапына үлкен көңіл бөлуінің даусыз фактісі – Қазақстандағы араб мемлекеттерің экономикалық белсенділігінің артуы – мемлекеттегі діни жағдайға да ықпалын тигізеді. Атап айтқанда мешіттер мен медреселер саны артады, қоғамның дін саласына көңіл бөлуі ұлғайады, бұл болашақта исламды ұғынудың күрделене түсуіне әкеліп соғуы да мүмкін, өйткені араб мемлекеттері ұстанатын ислам қазақстандық қоғамның ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан «дәстүрлі» исламымен бірдей емес. Біріккен Араб Әмірліктері мен Катар мемлекетімен жасалған ҚР Президентінің сарайы мен ішінде мешіті және медресесі қарастырылған Исламдық орталықтың құрылысы бойынша келісімді бұл үдерістің мысалы ретінде қарастыруға болады [5].

Сауда айналымы

Қазақстан мен Парсы шығанағы елдері арасындағы жалпы сауда айналымы 2011 жылы шамамен 2 млн. 263 мың АҚШ долларын құраған.

Өңір мемлекеттерінен Қазақстанға импорттың негізгі бөлігін мұнай өнімдері, ал экспортта егіншілік шаруашылығы мен қара металлургия өнімдері басым болды.

Мысалы, 2008 жылы Kazneph агенттігі жүргізген талдауға сәйкес, қазақстандық экспорттың негізгі бөлігін арпа (94,5%) және металл мен одан жасалған бұйымдар – темір немесе болат прокаты (5,1%) құраған.

Өз кезегінде, Сауд Аравиясынан импорт құрамының басым бөлігіне мұнай өнімдері (мотор майлары, гидравликалық сұйықтықтар және т.б.) (61,5%), химия өнеркәсібінің өнімдері (19%), нан өнімдері (4,9%), кілемдер мен тоқыма маталар (1,9%) кірген. [8]

Тауар айналымы көлемінің төмендігіне қарамастан, Қазақстан өңірлік мемлекеттермен қарым-қатынастарын техникалық, инвестициялық жобаларды іске асыру және экономикалық жәрдемдесу саласындағы көптеген мысалдармен сипаттауға болады, олардың кейбіреуі:

– Кувейттік араб экономикалық даму қорының Астана әкімшілігінің жаңа ғимаратын салу үшін (10 млн. долл.), Астана қаласы сол жақ жағалау ауданы инфрақұрылымына техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) (1 млн. долл) және Арал аймағын сумен қамту жобасына ТЭН әзірлеуге (1,3 млн. долл) гранттар бөлуі;

– 2010 ж. наурызында Астана және Алматы қалаларында постсоветтік кеңістіктегі жалғыз ислам банкі «Әл-Хиләл» эмираттық ислам банкісінің бөлімшелерінің ашылуы;

– БАӘ компанияларының Астанада «Абу Даби Плаза» жобасын салуы (40 млрд. долл) және тағы басқа жобалары.

Жоғарыда баяндалғаннан Парсы шығанағы Қазақстанға қаржы капиталын бөлумен ғана шектелмей, сондай-ақ қазіргі заманғы жоғары технологиялық жобаларды іске асыру бойынша техникалық (жобалардың ТЭН-ін әзірлеу, инновациялық технологияларды қолдану және тағы басқа) жәрдем көрсетіп отыратындығы айқындалады.

Парсы шығанағы елдерінің Орталық Азиядағы мүдделері

Парсы шығанағы елдері екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында, Орталық Азияның «бауырлас» мұсылман мемлекеттерімен саяси диалогты жедел

орнатудың қажеттілігі жөнінде шешім қабылдау үдерісінде ең маңызды рөлдердің бірін діни фактор атқарды.

Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыту Парсы шығанағы мемлекеттерінің стратегиялық мүдделеріне сай келеді.

Мысалы, аравиялық өңірдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын мемлекет ретінде Қазақстан бұл елдердің ерекше назарына ілігуде. Сауд Аравиясының бидай бойынша жылдық сұранысы 2,7 млн т, күріш бойынша 1 млн т, арпа бойынша 6,3 млн т (әлемдік экспорт көлемінің 45%) құрайтынын ескеретін болсақ, аравиялық аграрлық сектор үшін қызығушылық тудыратын мемлекеттердің арасында Қазақстан, ауқымды ауыл шаруашылық жерлерді игеруіне байланысты, алдыңғы орындарды алатындығын болжауға болады. Бұл жағдайды әлемдік бидай өнідірісі көлемінде Қазақстанның жыл сайынғы үлесі 2% болып отырғаны дәлелдейді.

Парсы шығанағы мемлекеттері Орта Азияның басқа да мемлекеттеріне назарын аударуда. Мысалы, Өзбекстанның 2011 ж. сәуірінде Өзбекістан-Түркменістан-Иран-Оман-Катар транспорттық-транзиттік жолын құру жөніндегі мемлекетаралық келісімге қол жеткізгенін оның соңғы ең маңызды экономикалық жетістіктерінің бірі деп санауға болады. Келісімнің шарттары бойынша басқа Орта Азия мемлекеттері де өздерінің өнімдерін Парсы шығанағы нарықтарына қандай да бір салымдық шектеулерсіз жеткізе алатын болады. [9]

Қазақстан мен Парсы шығанағы елдерінің халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастығы

АӨСШК

Бірқатар аравиялық монархиялардың Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша өңірлік ұйым ретінде 1999 ж. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін (АӨСШК) құруға қатысуы Қазақстанның Парсы шығанағы мемлекеттерімен халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара әрекеттесуінің маңызды бөлігі болды. Оның тұрақты мүшелерінің арасында БАӘ, Бахрейн және Катар бар.

ИЫҰ

Құрамына барлық араб мемлекеттері кіретін ИЫҰ-ға Қазақстан 1995 ж. бері толық құқықты мүше болып, оның қызметіне белсенді қатысып келеді. Осы уақыттың ішінде Қазақстан ИЫҰ және оның институттарымен әрекеттесудің жоғары деңгейіне қол жеткізе алды.

МАГАТЭ

Тегеранның МАГАТЭ-мен Иран ядролық бағдарламасы мәселесі бойынша ынтымақтасудан бас тартуына қатысты Астананың 2012 ж. ақпанда жариялаған сыни ресми ұстанымы Қазақстанның Парсы шығанағы мемлекеттерімен жақындасуының қосымша факторы болды. [10]

Әлемдік діндер съезі

Парсы шығанағы елдері Қазақстанның Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін шақыру бойынша бастамасын да жалпы қолдап отырады.

Дүниежүзілік сауда ұйымы

Қазақстан өзінің ДСҰ-ға кіру бойынша жоспарына зор үміт артуда. Қазіргі кезге дейін Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі үдерісі аясында қазақстандық тауар нарықтарына жол ашу бойынша екіжақты келіссөздердің аяқталуы жөнінде хаттамаларға ДСҰ-ның 29 мүше мемлекетімен қол қойылған, соның ішінде Оман сұлтанаты (2005 ж. 20 қазан) және Сауд Аравиясы корольдігі (2012 ж. 7 сәуір) де бар. [11]

Қазақстанның Парсы шығанағы мемлекеттерімен ынтымақтастығының жетістіктері, кемшіліктері, тәуекелдері және перспективалық бағыттары

Жетістіктер

Біздің мемлекеттер басшыларымен тығыз достық қарым-қатынастар орнатылғанын ескеруге болады, бұл жағдайды оладың жиі өзара іссапарлары куәландырады.

Сонымен бірге, екі тарапта қаржы саласындағы әлеуетті әріптестікке қол жеткізді (Қазақстанда ИДБ және Әл-Хиләл банктері қызмет атқаруда). Қазақстан әрі қарай қаржы секторына тікелей инвестицияларды тартуға қызығушылық білдіруде. Мұнайды экспорттау арқасында қомақты қаржы қорларын шоғырландырған бұл мемлекеттер Қазақстанның инвестициялық нарығын диверсификацияға ықпал етуі мүмкін, өйткені олар қолайлы инвестициялық жағдайлар жасаған жаңа нарықтарды белсенді іздеуде.

Кемшіліктер мен тәуекелдер

Қазақстанның бұл өңірмен сауда қатынастарының проблемасы осы кезеңдегі Қазақстан және араб әлемі, әсіресе оның солтүстік африкалық бөлігі арасында транспорттың желіні қосу бойынша күрделі мәселені шешу қажеттілігінде жатыр.

Сондай-ақ, «Аравиялық алтылықтың» құрамына кіретін мемлекеттерді, сондай-ақ жетекші орта азиялық мемлекеттерді көбінесе әріптес ретінде емес, бірақ бәсекелес тараптар ретінде қарастыруға болады. Бұл олардың энергия ресурстарын экспорттауға тәуелді ұлттық экономикалық құрылымдарының ұқсастығына байланысты.

Сонымен қатар, Парсы шығанағындағы ортақ дінді ұстанушылармен тез жақындасу қарқынды радикалдану үдерісіне әкеліп соғуы мүмкін (жергілікті діни қауымдар мен оларды билеуші зайырлы тәртіптерді құлату қатері бар). Сауд Аравиясына «салафизм» және «ваххабизм» идеялары насихатталады. Сауд Аравиясы Ауғаныстандағы талиб тәртібін қолдаушы мемлекеттердің бірі болған, сондай-ақ Ресейдегі Шешен соғысында қатысқан бұрынғы көптеген жауынгерлердің панасы болды. Қазақстандық тарапқа бұл қауіп-қатерге қарсы алдыналу (мысалы, қауымның маргиналды қабатының радикалдануын алдын алу) іс-шараларын қолдану, атап айтқанда арнайы қызметтер Сауд Аравиясынан келетін қаржылық ағымдарына жете мониторингілеу жүргізуі қажет [12].

Ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары мен ұсыныстар

Мұнай өндіру және экспорттау саласында ынтымақтасу

Қазақстан Республикасы бұл топтың осы саладағы қатысуын қатайта алады, өйткені бұл мемлекеттер аталған салада, біріншіден, үлкен тәжірибе жинаған, екіншіден, алдыңғы қатарлы технологияларды игерген және, үшіншіден, олардың мұнай өндіруші компанияларын Қазақстанда белсенді ілгерілету әлеуетті бәсекелес қатынастарды әріптестік байланыстарға айналдыра алады.

Инфрақұрылымдық және институционалдық жобаларды іске асыру, техникалық жәрдемдесу

2008 жылғы Қазақстанға іссапары кезінде Kingdom Holding компаниялар тобының директорлар кеңесінің төрағасы, ханзада Әл-Уәлид бен Талал Әл Саудтың айтуы бойынша, Сауд Аравиясы Қазақстанға өзінің капиталдық салымдарын өсіруге ғана емес, сондай-ақ оларды басқа араб әлемі мемлекеттерінен тартуға септігін тигізетін болады. Ханзада біздің елдегі аса пайдалы қонақүйлік кәсіпке қызығушылығын білдірді. Ол республикаға және де Алматы мен Астанаға ғана емес, Қазақстанның басқа өңірлеріне де, Four seasons және Citibank сияқты компанияларды тартатындығын жариялады [13]. Қазіргі кезде Қазақстанда Абу-Даби плазаның салынуы басталғаны, сондай-ақ Kuwait Food Company фаст-фуд (KFC, Hardee's) жүйесін дамытып жатқаны көзге түседі және осындай мысалдар жетерлік.

Тәжірибені зерделеу

Біз БАӘ-нің Дубайдағы және басқа әмірліктердегі арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА), өңірдегі ең ірі Жебел Әли теңіз портын құру, сондай-ақ порттық шаруашылықта іскерлік байланыстарды орнату бойынша тәжірибесін зерттеуге мүдделіміз. Тарихи тамырлардың және мәдени құндылықтардың ортақтығы осы саладағы қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді. Осындай тәжірибе Қазақстандағы Ақтау порты өңірінде АЭА құру кезінде ескеру үшін аса қажет.

Қазақстан сондай-ақ Оман сұлтандығы өзінің экономикасының шикізатқа тәуелді емес секторларын дамыту бойынша сәтті тәжірибесіне ерекше назар аударуы тиіс. Қазақстандағы жағдайға іспеттес, Оманның алғашқы экономикалық дамуының негізінде көбінесе мұнай өндіру өнеркәсібі орталық орынды алған, ол жылдық жалпы ұлттық өнімнің 40% және экспорттың 75% пайызын құрайды. Бұл ретте, Оман, өзінің көршілерінен ерекше, мұнайдың бай қорларына ие емес және Мұнай экспорттаушы мемлекеттер ұйымына (ОПЕК) да кірмейтінін ескеру керек. [14]

Ауыл шаруашылығы әлеуетін пайдалану және дамыту

Ауыл шаруашылығы саласында ынтымақтастықты нығайтудың үлкен перспективалары байқалуда. Қазақстан бұл салада зор мүмкіндіктерге ие, өйткені үлкен көлемде бидай мен арпа өнімдерін өңірдің мемлекеттеріне экспорттай алады. Бұл әлеует ИЫҰ Азық-түліктік қауәпсіздік бойынша агенттігінің іске қосылғанынан кейін толықтай игерілетін болады деп күтілуде.

Транспорт пен коммуникациялар саласының дамуы

Біздің мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыты ретінде транспорт, коммуникация және логистика саласын белгілеуге болады. Мысалы, Қазақстаннан Ирандық порттарға дейін және шығанақ мемлекеттеріндегі коммуникация арқылы тікелей темір жол және автомобиль жолдарын біріктіру мүмкіндігі бар. Ақтау портын реконструкциялаудың

аяқталуы Қазақстан мен БАӘ арасындағы жүк айналымын Иран территориясы арқылы транзитпен және «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық транспорттық дәлізі арқылы дамытуға болады. Қазақстан сондай-ақ Кувейт, Бахрейн және Оман порттары қуаттарын пайдалануға мүмкіндік алады. [15]

Қорытынды

Ислам планетадағы ең таралған діндердің қатарына жатады. Орта ғасырларда Ислам әлемі өркениеттің алдыңғы қатарында орналасып, ғылыми ойдың орталығына айналды және ғылыми, экономикалық және мәдени тұрғыда дамыған ең дамыған әлемдердің бірі болып танылды. XX ғасырдың басында мұсылмандық мемлекеттер құлдырауға ұшырап, еуропалық саяси және экономикалық билікке тәуелді болса да, соңғы жылдары Ислам әлемінің қайта жандануы байқалады.

ИЫҰ-ның пайда болуы Ислам әлемінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі орыны айқындала бастауының, оның маңызы арта түскенінің айқын дәлелі болып отыр. ИЫҰ Ислам әлеміндегі мемлекеттер арасындағы бауырластық пен татулық дәнекерлеріне, ислам ниеттестігіне негізделген, әлемдегі екінші ең ірі халықаралық ұйым болып қалыптасты.

Ислам әлемі ИЫҰ аясында ресми біріккен 50-ден астам мұсылман мемлекеттерден тұрады, және халықаралық қауымдастықтың маңызды сегменті, әлемдік саясаттағы белсенді қатысушы болып саналады. Халықаралық өмірдегі өзектілігі артып келе жатқан ислам факторын ескере отырып, мұсылман қауымдастығы Оңтүстік-Солтүстік, Шығыс-Батыс біліктері, және ерекше маңыздылығы бар – өркениеттер диалогы бойынша әрекеттесудің бағалы компоненті болып танылуда.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, ИЫҰ-мен қарым-қатынастарды орната бастағаннан бері өзінің Ислам әлемімен бірнеше ғасырлар бойы байланысын қалпына келтіруге және жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік алды.

Исламның дәстүрлі таралуының территориясында мемлекеттік орналасуы, республика халқының 70% жуық бөлігін құрайтын негізгі ұлттың және мемлекеттің бірқатар халықтарының ислам дінін ұстануы сияқты көпшілік мақұлдаған критерийлерді ескере отырып, Қазақстанның мұсылман қауымдастығына жататындығы даусыз факті екенін мойындауға болады.

Осыған орай, Ислам әлемімен белсенді ынтымақтасу және мұсылман қауымдастығы мен оның саяси органы – ИЫҰ тарапынан Қазақстанға қатысты тілектестік қарым-қатынасын сақтау республиканың сыртқысаяси бағдарының теңгерімділігін және жан-жақтылығын қатайтудың маңызды элементі болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстанның Парсы шығанағы елдерімен қарым-қатынастары өзара пайдалы және жемісті ынтымақтастыққа негізделетіндігі туралы қорытынды шығаруға болады. Перспективалық бағыттар мен мүмкіндіктер әлеуетін іске асыру тәуекелдер мен кемшіліктердің қауіпін жойып, ынтымақтастықты әрі қарай нығайтуы тиіс. Қазақстанның Парсы шығанағы мемлекеттерімен қалыптастырған сәтті қарым-қатынастары Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өзінің Ислам әлемімен бірнеше ғасырлар бойы байланысын қалпына келтіріп, жаңа деңгейге көтеріп отырғанының айғағы болып табылады.

Жалпы, Қазақстанның мұсылман елдерімен қарым-қатынастарын нығайту мемлекет үшін ұзақ мерзімді басымдық болып табылады және «Қазақстан-2050» даму стратегиясына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Стратегияда «дәйекті де болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту» бағытының қажеттілігін айқындады. Осы бағыт шеңберінде ислам мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыту арқылы мемлекеттің мүдделерін қорғаудың маңызы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Толегенулы Б. *Қазақстан және ислам әлемі. Казахстанская Правда.* – 2006. – 1 желтоқсан.
- 2 Әмреев Б. *Қазақстан және Сауд равиясы.* – Астана, 2003. – 280 б.
- 3 Джалилов З.Г. *Қазақстан ме ИҚҰ ынтымақтастығы мәселелері: факторлар, бағыттар мен мүмкіндіктер. Гуманитарлық-саяси конъюктураның қазақстандық орталығы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәпмibi: <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/314-voprosy-sotrudnichestva-kazakhstana-i-oik-factory-napravleniya-i-vozmozhnosti.html>*

4 Рахматуллозода Х.Н. Қазақстан Республикасында ислам банкингінің даму перспективалары: диверсификация жолындағы кезекті қадам. G-Global. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.group-global.org/ru/publication/view/2492>

5 Кусаинова К.Т. Қазақстандағы діни жағыдайды трансформациялаудағы араб мелекеттеріне қатынастардың маңыздылығы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://articlekz.com/node/548>

6 Бүкіләлемдік Банктің интернет сайты. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD>

7 Байзақова К.И. Қазақстан Республикасының Сыртқы Саясаты./ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті шығарған оқулық, 2005. – 116,117 бб.

8 Қожамқұлов К.Б. Қазақстан және сауд Аравиясы арасындағы сыртқысаяси қатынастарды шолу./ Kaznex агенттігі жариялымы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.kazninvest.kz/napr/analytics/export/cr/saud_aravia_2009.pdf

9-10 Субх М.А. Парсы шығанағы араб мемлекеттері ынтымақтастығы кеңесі мен Орта Азия мемлекеттері қатынастары туралы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2012/03-06-12b.htm>

11 Қазақстанның БСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер үдерісі туралы./ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми интернет ресурсы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://minplan.gov.kz/economy/about/8445/44792/>

12 Әбілов О.А. Қазақстан Республикасының араб мемлекеттерімен саяси және сауда-экономикалық қарым-қатынастары. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: 2004-2010.iwep.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=3775&Itemid=44

13 Ташимов Т. Араб басқыншылығы. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://expertonline.kz/a4986/>

14 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Бүгін Оман астанасы – Маскатта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Сұлтан Кабус бен Сауд саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/page/page_segodnya-v-omanskoi-stolitse-maskate-prezident-nursultan-nazarbaev-i-sultan-kabu_1348723275

15 Мусинов А.А. БАӘ – Қазақстан: достық және ынтымақтастық жолдары. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.dxb.ru/project/re/detail.php?ID=286>